

СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 159.9

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЙБІР ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Рахметова Рахила Умирзаковна
профессор

Иргебаева Назилия Мұқатаевна
доцент

Андекина Регина Эрнстовна
«Тұран–Астана» университеті
Қазақстан, Нұр–Сұлтан қаласы

Аннотация: Мақалада қазіргі қоғамда отбасы мәселесіндегі етек алып отырған динамикалық өзгерістер және олар өзгерістерді реттеуде өміршең ұлттық салт дәстүрлерді яғни, Рухани жаңғыру талабына сай жандандыруға негіз болатын зерттеу материалдарының көрсеткіштеріне талдау жасалған.

Abstract. The present research considers and analyzes family issues in modern society, based on dynamic changes in family life and a viable national tradition of regulating these changes, which is the basis of Spiritual revival.

Кілтті сөздер: Қоғам, отбасы, неке, отбасының түрлері, зерттеу көрсеткіштері, отбасы қызметтері.

Keywords: Society, family, marriage, types of families, research indicators, family functions.

Қоғамның тұрақты дамуы мен рухани байлығының негізі отбасында қаланады. Отбасының басталуы, оның заңдық негізі - Неке. Некеге отырушы жұбайлардың өзара қатынасының сипаты ең алдымен олардың осы некені құрудағы мотивтерімен байланысты. Отбасына қоғамның экономикалық базисі мен барлық әлеуметтік тұрмыстың әсері көбіне мотив арқылы реттеліп жүзеге асырылады. Отбасы жалпы бір отбасылық іс - әрекетке негізделген, *жұбайлық - ата - аналық - туыстық* байланыстағы кіші әлеуметтік топ. Қазіргі қоғамда отбасының негізін жұбайлар құрғанымен, бір баспанада тұрып, бір шаруашылықты жүргізіп, бала тәрбиелегенімен олардың *некесі заңды түрде тіркелмеген* отбасылар бар. *Толық емес отбасылар* ата-анасының біреуі немесе екеуі де болмайтын отбасылар. Ата -аналары мен балалары бірге тұратын *нуклеарлық отбасылар және кеңейтілген* отбасылар жұбайлар, балалары, жұбайлардың біреуінің ата - анасы: атасы, әжесі бірге тұратын отбасылар. Қазақ отбасыларында *кеңейтілген* отбасының түрлері басым. Әдебиеттерде мұндай отбасыларды қазіргі отбасылардағы өткен ғасырлық қатынастардың реликты және болашақ отбасының өскіндері деп қарастырады. Қоғамның дамуына байланысты неке және отбасы өзгереді. Отбасы саласының мамандары, заңшығарушылар отбасы - некелік қатынаста некенің келісім шарт негізінде құрылуын қолдайды. Мұндай неке ерек пен әйел екі жақтың да бірдей құқығы болатын ерікті одақ. Отбасылық қарым - қатынастағы өзара *түсіністік* оның өміршеңдігінің басты шарты. Отбасы қоғамның өмірін қамтамасыз ететін көптеген қызметтерді атқарады.

Мамандардың пікірлеріне қарағанда олардың маңыздылары: *ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық - экономикалық және рекреациялық.* Бірінші қызметі өзіне ұқсастарды (репродукция)

өмірге әкелу. Адамзат баласы өз өмір сүруін тоқтатып, қоғам қарттардың интернатна айналып, халықтың саны азаймас үшін әрбір қазақ отбасында 4-5тен бала болуы керек. Қазақстандағы әлеуметтік демографиялық жағдай үлкен алаңдаушылық туғызуда. Халықтың әл ауқатының нашарлауы, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыс орындарының аздығы, тұрақты жалақының болмауы т.б. экономикалық қиыншылықтар қоғамға, отбасына қиындық түсіруде.

Еуропа елдерінде некелесу 28 жасты құрайды, Жапонияда– 30-33 жас, бізде 18 немесе одан да төменгі жасты құрайтын мәліметтер кездеседі. Жас отбасылар оқуды бітіріп, мамандық алу мүмкіндігінен айрылып, өз қалауынша жоғары ақылы қызметке тұра алмайды. Ақшаның жетіспеуі, баспананың болмауы, күтпеген жүктілік және туу жас отбасының тұрақсыздығына, ажырасуға әкеліп соғады. Бұған дәлел алғашқы жылы ақ жас отбасылардың жартысы, алғашқы бес жылда үштің екісі айрылысады. Айрылыспаған отбасы жұбайларының өзі де шиеленісті қатынаста болады. Туудың келесі мәселесі –некесіз туған балалар саны сексен мыңға жетіп жасанды түсік тастау 150 мыңнан 400 мыңға өскен [1,57 б.]. Бұдан 10-15 жыл бұрын ару баланың дүниеге келуі ерекше жағдай болса, қазір ол ерекшелікті дені сау бала туралы айтуға тура келеді. Ақыл есі кем балалардың саны артуда. Осы аталған және басқа да қиындықтармен байланысты жұбайлардың 20% балалы болғысы келмейді. Көп жағдайда бұл интеллект отбасыларында кездеседі. Сондай ақ туу көрсеткіштері еліміздің түрлі аймақтарында да әр түрлі. Еңбек ететін әйелдің жағдайы, әсіресе жалғызбасты аналар бір баланы да асырай алмайды. Ал жұмыссыз әйел өзінің жеке басын да асырай алмайды. Іс жүзінде отбасылары туу қызметін жағдайына қарай шектейді.

Біздер жалпы отбасын құруға азаматтардың пікірлерін білу мақсатында сауалдар жүргіздік. Мәселен, біздің зерттеуіміздіе «Отбасын құрмасаңыз, бұған себепті негізгі үшеуін көрсетіңіз» деген сауалға 16-20 жастағылардың 34,2% басқасы десе, 21-25 жастағылардың 12,4%, 26-30 жастағылардың 9,93%, 30-40 жастағылардың 11,4%, ал, жалпы 16-40 жастағылардың 21,4% осы жауапты көрсетуі жалпы қазіргі кезде отбасын

құруда жауапкершілікпен қатар жауапты анық көрсетпеу тұлғалық сапалар мен әлеуметтік жағдайлардағы тұрақты жұмыс орнының болмауы және жаһандану жағдайындағы отбасын құрудағы әлемдік беталыстарға ойсыз еліктеу болуы да мүмкін. Сондықтан отбасының тәрбие саласындағы жауапкершілігін, ұлттық үлгі өнегені дәріптеу қажет деп санаймыз (кесте 1).

Кесте 1

Отбасын құру мәселесі

Сұрақ; Отбасын құрмасаңыз, бұған себепті негізгі үшеуін көрсетіңіз					
Жауаптары	16-20	21-25	26-30	30-40	16-40
А) баспананың жоқтығы	10,7	15,2	16,3	21,9	14,3
Б) тұрақты (жұмыстың) табыстың жоқтығы	13,8	10,5	9,9	11,4	11,9
В) қазіргі кезде қызға, жігітке қойылатын талаптардың жоғарылығы	8,2	16,2	14,9	13,3	12,1
Г) үлкен қалада (ауылда) танысу мүмкіндігінің аздығы	6,8	7,1	12,1	5,7	7,6
Д) материалдық жағдайымды жақсартуым керек	12,7	17,1	11,4	16,2	14,1
Е) от басынқұруға жауапкершілігім жоғары, таңдауымның кездеспейі	13,6	21,4	25,5	20,0	18,5

Отбасының тәрбиелеу қызметін ешбір институт алмастыра алмайды. Аристотель «отбасы қарым - қатынастың алғашқы түрі және ізгілік пен заңға сәйкес құрылып дені сау баланы дүниеге әкелуді қамтамасыз етіп, болашақ азаматтың тәрбиесін қалыптастыратын мемлекеттік құрылымның ерекше элементі» [2.1983] деп санаған. Сөйткенмен, қазіргі кезде отбасының тәрбиелеу қызметі төмендеуде. Қазіргі отбасыларда қызметтің басым бөлігі, бала тәрбиесі әйелдердің үлесінде. Мұның жағымды және жағымсыз жақтары көп. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесінің мынадай типтері бар:

детоценризм - отбасы өз баласын шектен тыс мәпелейді, жалғыз бала болса оданда ерекше. Ондай бала эгоист, практикалық өмірге икемделмеген болып шығады;

кәсібилік-отбасы балаға қамқорлықты балабақшаға, мектепке, оқу орындарына аударады. Болашақта ондай балалар ата анасына, үлкендерге салқын, мейірімсіз болып өсуі мүмкін;

прагматизм - барлық тәрбие өмір сүре білуге іскерлігін қалыптастырып, ең алдымен материалдық пайдаға бағытталады. Қазіргі кезде елімізде рухани жаңғыруға, рухани құндылықтарды дәріптеуге басымдық берілуде. Индивидуалдықты дәріптеу әркімді басқаларға қарсы қоюы мүмкін [3, 67б.].

Отбасының шаруашылық - экономикалық қызметінің көлемі өте кең. Оған: үй шаруашылығын жүргізу, бюджетті, тұтыну және

бос уақытты ұйымдастыру қамтылады. Отбасының тұтыну мен тұрмыстағы мәні ұшан теңіз. Онда адамның материалдық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуымен қатар материалдық қажеттіліктері қалыптасып, түрлі тұрмыстық дәстүрлер орнығып, қолдау табады, үйшаруашылығын жүргізудегі өзара көмек жүзеге асырылады. *Қалпына келтіру қызметі.* Әр адамның өмірі үшін отбасының рекреациялық қызметінің мәні ерекше. Мамандардың тұжырымдауынша мансаптағы, бизнестегі, оқудағы жетістіктің жартысы жақсы отбасының үлесінде. Адамның жақсы қалыпта болуы отбасымен байланысты. Отбасы шабыттың, өзіне сенімділіктің, жақындарына қажет болу іскер адамдар үшін психологиялық комфортты сезіну, жоғары өмір тонусын сақтаудың орны.

Рекреациялық қызмет отбасы - некелік қатынас мәдениетімен байланысты. Бұл мәселе жалпы қоғамның мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын отбасы мәдениетін (рухани, адамгершілік т. б.) көрсетеді. Бұл мәселені анықтау мақсатында «Қазіргі отбасылардың ажырасу себептері неде деп ойласыз?» деген сауалға 26-30 жастағылардың 32,6%, 30-40 жастағылардың 33,3% материалдық жағдайды көрсеткен, осы жас аралықтарының жалпы көрсеткіші 32,9% болды. Екінші орында 21,4% «қызғаныш» тұр. 26-30 жастағылардың 30,8%, 30-40 жастағылардың 10,1% қызғанышты көрсеткен (кесте 2).

Отбасын сақтау мәселелері

Сұрақ: Қазіргі отбасылардың ажырасу себептері неде деп ойласыз?			
Жауаптар	26-30	30-40	16-40
А) материалдық жағдай	32,56	33,33	32,91
Б) ата ана туыстардың араласуы	4,32	11,81	7,72
В) қызғаныш	30,84	10,07	21,42
Г) моральдық құндылықтардың жоғалуы	15,27	16,32	15,75
Д) қиындықтарға төзе алмау	17,00	23,96	20,16
Е) ерінің жұмыссыз болуы	0,00	4,51	2,05

Жалпы қызғаныш осы жас аралығында 21,4% құрап тұр. Қызғаныштың тууы жұбайлардың бір біріне сенімсіздігінен, немесе өздерін бір бірінен арық, немесе төмен бағалауымен байланысты туындайтын сезім. Отбасында жағымды тұлғааралық қарым-қатынасты құруда Э.Г. Эдемиллер, В. Сатир, С. Роджерс және басқа да зерттеушілер: қарым-қатынастың ашықтығы; жоғары белсенділік, отбасы мүшелеріне қатысты мәселелерді жан жақты талқылау; қарым-қатынас конгресі; отбасылық сананың жеткіліктілігі, «біз» жүйесінің келісілген тұтастығы; вербалды емес байланыстың дәлдігі, дәйекті ауызша және вербалды емес хабарламалар; серіктестің мәлімдемесіне сезімталдық; махаббатты білдіру, эмпатиялық көрінісі, серіктесті қолдау және сыйлауға ереше мән береді [4,31]. Осы аталған талаптар арқылы сөз бен іс-қимылдардан тұратын ерекше отбасылық тіл қалыптасады. Сондай ақ жұбайлар арасындағы сенімсіздіктің тууы Э.Эриксонның тұлға дамуының 8 сатысындағы индивидтің Менін дамытуға акцент жасайтыны туралы [5,43] жұбайлардың түсініктерінің аздығы сонымен қатар өзара тәуелділікке ұмтылыстың болмауы деп санаймыз.

Ал «Отбасында қиыншылықтар орын алғанда (ұрыс- керіс, қол жұмсау, ішімдік, жұмыс істемеу) оны ата-анаңмен бөлісесің бе?» деген сауалға 21-25 жастағылардың 40,0%, 26-30 жастағылардың 49,4%, 30-40 жастағылардың 51,0%, жалпы бұл топтың 45,7% ешкімге айтпаймын, өз мәселемді өзім шешуге тырысамын деп жауап берген. Бұл жауаптар отбасындағы мәселелерді сыртқа шығармай өздері өзара шешуді, яғни отбасы сырының жабықтығын көрсетеді. Ал осы сұраққа «отбасын сақтау үшін шыдамдылық керек» деген жауап 21-25 жастағыларда 26,5% құраса, жалпы осы жас аралықтарында бұл жауапты көрсеткендер 17,9%. Әрине, шыдамдылық керек. Сөйткенмен шыдамның шегі болатын психологиялық ширығу жағдайлары отбасында стрес туғызып, торығуға әкеліп, соны ажырасуға әкелуі де мүмкін.

Бұл сұрақтарға қайтарылған жауаптар қоғамда отбасының тұрақтылығына, оның өміршеңдігін сақтауда отбасы институттарының жұмысын ғылыми негізде жүйелі жүргізу қажеттігін нақтылай түседі.

Жаһандану, қоғамдағы өзгерістер дәстүрлі отбасы институтының мынадай өзгерістеріне алып келді.

Біріншіден, некелі отбасылар санының азаю үрдісі байқалады. Екіншіден, ажырасу саны артауда.

Үшіншіден, қайта некеге тұрмаған ажырасқан әйелдердің және некесіз балалары бар әйелдердің саны өсуде.

Төртіншіден, көп бала ата-анасының біреуінсіз тәрбиеленеді. Бесіншіден, балалары бар адамдар саны айтарлықтай азайып және отбасылық жұптардың баласыздығына беталыс байқалады.

Алтыншыдан, ересектердің жыныстық қатынастарын реттеуде отбасының монополиясы ішінара адамгершілік еркіндігін бұзады.

Біз №AP05134319/ГФ «Мәңгілік ел» аясында Қазақстан аймақтарының демографиялық дамуының болашағы» атты жобасының аясында жүргізілген зерттеу жұмысымыздың нәтижесі бойынша халықтың сандық және сапалық сипаттамасы, мемлекеттің әлеуметтік экономикалық және саяси даму деңгейінің көрсеткіші, сонымен қатар қауіпсіздіктің базасы болып табылатын отбасының психологиялық мәселелері үнемі зерттеуді, жетілдіруді талап ететін күрделі динамикалық процесс деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.«Неке және отбасы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары атты статистикалық жинақ/ редакциясын басқарған Ә.А.Смайлов / Аста на, 2011-2046.

2.Аристотель. Политика // Сочинения в 4-х томах. М., Мысль, 1983. Т.4. Перевод С. А. Жебелева

3.Психология семьи: учебник для студентов высших проф. Образования / [Н.В.Гребенникова, Е.В.Гурова, Е.И.Захарова и др.]; под.ред. Е.Г.Сурковой.-М.: Издательский центр «Академия», 2014.-240 с.- (Сер. Бакалавриат).

4. Карабанова О.А. Психология семейных отношений и основы семейного консультирования. Учеб. пособие.-М.:Гардарки.2004.-320 с.

5. Шаповаленко И.В. Возрастная психология.- 2007.- 352 с.